



Ғылыми мақала / Research Article

МҒТАР / IRSTI 03.20.00



<https://doi.org/>

Nogais and cumans: continuity in culture, tribal structure, genetics, and anthropology

D. Suleimenova 

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

 Suleimenova911@gmail.com

Abstract. The article examines the development of education, scientific knowledge, and the religious-intellectual life of the Golden Horde during the reign of Khan Tokhtamysh (1380-1395). Although this period was relatively brief and marked by political instability, it represents a turning point in the cultural and administrative history of the Horde. Tokhtamysh succeeded in restoring political unity after the prolonged turmoil known as the “Great Disarray,” and this stabilization created favorable conditions for the revitalization of educational and scholarly institutions. As a result, madrasahs resumed their activities, the study and dissemination of fiqh expanded, and the Golden Horde strengthened its intellectual ties with major centers of Islamic learning in Khwarazm, Transoxiana, and Khorasan. The article explores the significant role of the ulama many of whom sought refuge in Sarai following the conquests of Amir Timur in shaping legal thought, theological scholarship, and the broader educational environment. Particular attention is given to the activities of the Sufi orders Yasawiyya and Kubrawiyya, whose spiritual and pedagogical practices contributed both to the spread of Islamic knowledge and to the integration of nomadic and sedentary cultural traditions. Their influence facilitated the formation of a stable intellectual milieu in the late 14th century Golden Horde. Furthermore, the study analyzes how the intellectual and ideological climate of Tokhtamysh’s reign is reflected in Turkic-language literary works, especially in the epic *The Tale of Edige*. This epic serves not only as a monumental piece of oral literature but also as a historical and ideological document that preserves societal values, notions of legitimacy, and representations of political contestation. Overall, the abstract highlights Tokhtamysh’s reign as a period of cultural and intellectual renewal, during which the restoration of political cohesion was accompanied by the consolidation of Islamic legal traditions, the revival of educational institutions, and the strengthening of transregional scholarly networks developments that shaped the subsequent evolution of the Golden Horde and its successor states.

Keywords: Tokhtamysh Khan; Golden Horde; education; madrasah; sufism; Yasawiya; Kubrawiya

Образование и наука в Золотой Орде в период правления хана Токтамыша (1380-1395 гг.)

Д. Сулейменова

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Аннотация. В статье анализируются ключевые особенности развития системы образования, научного знания и религиозно-интеллектуальной жизни в Золотой Орде в период правления хана Токтамыша (1380–1395 гг.). Данный этап, несмотря на свою относительную кратковременность и политическую нестабильность, представляет собой важнейший рубеж в истории государства, поскольку именно при Токтамыше произошло восстановление политического единства Орды после затяжного периода междоусобиц, известного как «Великая Замятня». Стабилизация политической ситуации создала условия для возобновления деятельности медресе, укрепления позиций исламского образования, распространения норм фикха и активизации трансрегиональных научных контактов с крупнейшими интеллектуальными центрами мусульманского Востока — Хорезмом, Мавераннахром и Хорасаном. В работе уделено внимание роли улемов, прибывавших в столицу Орды после захватов Амира Тимура, и их влиянию на развитие правовой мысли, богословия и образовательной практики. Особое место занимает анализ деятельности суфийских тарикатов Йасавийя и Кубравийя, которые не только способствовали распространению исламских знаний и духовно-нравственного воспитания, но и выполняли функцию посредников между кочевой и оседлой культурами, формируя устойчивую интеллектуальную среду. Рассматривается процесс интеграции исламских институтов в систему государственного управления, а также роль религиозных авторитетов в укреплении легитимности ханской власти и распространении исламских норм в общественной жизни. Отдельный раздел посвящён отражению духовно-политической атмосферы времени в тюркоязычной литературе, прежде всего в эпосе «Сказание об Идигее», который выступает важным историко-культурным источником, фиксирующим идеологические ориентиры золотоордынского общества. Эпос демонстрирует представления о власти, легитимности, династических конфликтах и моральных ценностях эпохи. Кроме того, в статье рассматриваются вопросы сохранения и трансляции интеллектуального наследия посредством устной и письменной традиции, а также значение культурного обмена между различными регионами исламского мира для формирования единого образовательного пространства Золотой Орды. Таким образом, исследование показывает, что правление Токтамыша стало периодом не только политической консолидации государства, но и заметного культурно-интеллектуального подъёма, сопровождавшегося развитием образовательных институтов, укреплением исламской правовой традиции и расширением научных связей, что способствовало дальнейшей эволюции золотоордынской цивилизации и её интеграции в общеисламское культурное пространство.

Ключевые слова: Токтамыш хан; Золотая Орда; образование; медресе; суфизм; Йасавийя; Кубравийя

Тоқтамыш хан дәуіріндегі Алтын Ордадағы білім және ғылым (1380-1395 жж.)

Д. Сулейменова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Аңдатпа. Бұл мақалада Тоқтамыш хан билігі кезеңіндегі Алтын Орда мемлекетінде білім беру, ғылым және діни-интеллектуалдық өмірдің даму ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. XIV ғасырдың екінші жартысы Алтын Орда үшін саяси дағдарыстар мен ішкі қақтығыстарға толы болғанына қарамастан, Тоқтамыш хан билікке келгеннен кейін «Ұлы дүрбелең» кезеңінен кейінгі бытыраңқылықты жойып, мемлекеттік құрылымды қайта қалпына келтіруге қол жеткізді. Осы саяси тұрақтану білім беру институттарының – медреселер, ханака мен завиялардың жұмысын жаңғыртуға, ислами құқықтық ілім – фикһтың таралуына және ислам әлемімен ғылыми-рухани байланыстардың кеңеюіне мүмкіндік жасады. Мақалада Алтын Ордадағы улама өкілдерінің қоғамдағы орны мен олардың діни-құқықтық білімді қалыптастырудағы қызметі талданады. Сонымен қатар Йасавийа мен Кубравийа тариқаттарының ағартушылық және рухани-тәрбиелік рөлі зерделенеді. Бұл тариқаттар исламның түркі-монғол кеңістігіне бейімделуіне, көшпелі халықтың дүниетанымына ықпал ете отырып, діни білім беру жүйесін орнықтыруда маңызды факторға айналды. Автор исламдық идеологияның мемлекеттік басқару мен құқық жүйесіне ену үдерісін, әсіресе хан жарлықтарындағы исламдық формулалардың орнығуын, шарифат нормаларының әкімшілік тәжірибеге ықпалын нақты деректер арқылы көрсетеді. Зерттеуде Алтын Орданың Мысыр мәмлүктері, Орта Азия және Ирандағы исламдық орталықтармен байланыстарының ғылыми және мәдени ықпалына да назар аударылады. Ғалымдар, сопылар мен дін қайраткерлерінің қозғалысы арқылы білім алмасу үдерісі жанданып, исламдық құқық, теология және әдебиет салаларындағы интеллектуалдық дәстүрлердің таралуына жағдай жасалды. Сондай-ақ Тоқтамыш дәуіріндегі интеллектуалдық атмосфераның түркітілдес әдеби мұраларда, әсіресе «Идигей» эпосында көрініс табу ерекшеліктері талданады. Эпикалық дәстүрдің саяси идеологияны сақтау, тарихи жадты қалыптастыру және билік легитимациясын нығайтудағы рөлі ашылады. Мақала Тоқтамыш хан тұсындағы мәдени-рухани жаңғырудың Алтын Ордадағы исламдық білім жүйесінің орнығуына, ғылыми дәстүрдің нығаюына және Еуразия кеңістігіндегі интеллектуалдық сабақтастықтың сақталуына қосқан үлесін айқындайды. Зерттеу нәтижелері Тоқтамыш дәуірін тек саяси тарих тұрғысынан ғана емес, сонымен қатар мәдениет пен білім тарихы контекстінде қарастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: Тоқтамыш хан; Алтын Орда; білім беру; медресе; сопылық; Йасавийа; Кубравийа.

Kіpіcne

Алтын Ордадағы білім беру жүйесі мұсылмандық Шығыс дәстүрлерін, Еділ Бұлғарысының құқықтық мәдениетін және Еуразия кеңістігіндегі көшпелі қоғамның ерекшеліктерін өз бойына сіңірген күрделі әрі көпқабатты құбылыс болды. XIII-XIV ғасырлардан бастап Ордада білім беру құрылымы институционалдық сипат алып, діни және зайырлы білім салаларын қамтыған тұтас жүйеге айналды.

Білім беру инфрақұрылымының негізін медреселер, ханака, завиялар және мектебтер құрап, олар діни-ағартушылықпен қатар әлеуметтік қызмет те атқарды. Бұл мекемелер вакфтық қорлар арқылы қаржыландырылып, мұғалімдер мен шәкірттердің қажеттілігін қамтамасыз етіп отырды. Мұндай қаржылық модель исламдық білім берудің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, қоғамда білім мен ілімді таратуға жағдай жасады.

XIII-XIV ғасырларда Алтын Ордада исламдық білім беру жүйесінің ерте үлгісі қалыптасты. Ол суфиялық тәрбиенің элементтерін, медреселік оқытуды және құқықтық ілімді бір арнаға тоғыстырды. Бұл модель Ордадағы исламдық сәйкестіктің орнығуына, сондай-ақ посторда кезеңінде жалғасқан интеллектуалдық мәдениеттің қалыптасуына негіз қалады. Аталған үрдістер кейін Қазақ, Қасым және Қырым хандықтарының рухани және білім беру тәжірибесіне елеулі ықпал етті.

Ал-Хадж Абд ал-Ғаффар Қырымидің мәліметтері Алтын Ордадағы білім беру жүйесінің исламдану үдерістерімен тығыз байланыста дамығанын көрсетеді. Берке хан дәуірінен бастап Сайфаддин әл-Хорезми сияқты шейхтар мен мұсылман ғалымдары рухани тәлімгер, ұстаз және кеңесші ретінде қызмет атқарып, діни білімді саяси және этикалық жауапкершілікпен ұштастырған дәстүр қалыптастырды (Мирғалиев 2012: 11).

Исламдық білім беру жүйесі тек діни тәжірибемен шектелмей, фикһ, грамматика, этикалық-философиялық ілімдер сияқты кең ғылым салаларын қамтыды. Бұл жүйе билеушілерді, мемлекет қайраткерлерін және қазі-соттарды даярлауда негізгі құрал болды. Олар діни біліммен қатар көпэтносты империя үшін маңызды болған төзімділік, әділет және жауапкершілік қағидаттарымен тәрбиеленді. Суфиялық Йасавийа және Кубравийа тариқаттарының миссионерлік әрі ағартушылық қызметі исламның кең таралуына және қоғамда рухани білімге негізделген тәртіп пен моральдық құндылықтардың орнығуына ықпал етті. Хан билігінің мұсылман ғалымдарын қолдауы исламдық интеллектуалдық дәстүрді мемлекеттің идеологиялық тірегіне айналдырып, білімді биліктің легитимациялық құралына айналдырды.

Суфиялық дәстүр Алтын Ордадағы рухани және білім беру мәдениетінің қалыптасуында ерекше орын алды. Йасавийа мен Кубравийа тариқаттарының шейхтары таратқан исламдық ілім түркі-монғол ортасына бейімделіп, жергілікті мәдениетпен ұштасқан жаңа діни-саяси дүниетаным қалыптастырды. Хан жарлықтарында сопылардың қаді, муфти секілді лауазымдармен қатар аталуы олардың мемлекеттік құрылымдағы ресми мәртебесін көрсетеді. Суфилердің ықпалы әдеби мұраларда да көрініс тапты. Махмұд әл-Бұлғаридің «Нахдж әл-Фарадис» секілді шығармаларында сопылық идеялар жергілікті сенімдермен үйлестіріліп, қоғамның діни-этикалық санасының қалыптасуына негіз болды. Абу Талиб әл-Макки сияқты классикалық мистикалық еңбектердің оқу құралы ретінде қолданылуы Ордада тұрақты суфиялық білім беру дәстүрінің қалыптасқанын дәлелдейді (Сайфетдинова 2014: 76-77).

Тоқтамыш хан дәуірі Алтын Орда тарихындағы ең маңызды әрі жеткілікті дәрежеде зерттелмеген кезеңдердің бірі болып табылады. 1360-1370 жылдардағы «Ұлы дүрбелеңнен» кейінгі саяси күйзеліс пен ішкі қақтығыстарды еңсеріп, Орда бірлігін қалпына келтіру дәл осы билеушінің тұсында жүзеге асты. Бұл кезең Еуразия кеңістігінде исламдық білім мен құқықтық ойдың қайта өрлеуімен сипатталады.

Узбек хан кезінде басталған исламдану үрдісі XIV ғасырдың соңына қарай толыққанды институционалдық сипат алды. Ислам билеуші әулеттің дінімен қатар білім беру жүйесінің

дүниетанымдық негізіне айналды. Медреселер, суфийлік орталықтар және Йасавийа мен Кубравийа тариқаттарының завиялары білім таратудың негізгі орталықтары болды. Сарай, Сығанақ, Хаджи-Тархан және Қырым қалаларына Хорезм, Хорасан және Мауараннахрдан улемдер мен қази-ғалымдар келіп, ғылыми өмірді жандандырды. Әмір Темірмен саяси қарсыластыққа қарамастан, Орда мен Орта Азия арасындағы ғылыми байланыстар үзілген жоқ: ордалық ғалымдардың діни-ғылыми пікірталастарға қатысуы соның дәлелі. Ш. Марджани келтірген Тоқтамыш ханның жарлықтары тенгриандық формулалардан исламдық құқықтық терминологияға көшуді көрсетеді, бұл фикһтың мемлекеттік тәжірибеге терең сіңгенін дәлелдейді.

XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың басы Алтын Ордадағы исламдық құқықтың ең қарқынды дамыған кезеңінің бірі болды. Әмір Темірдің саясатына қарсы болған көптеген улемнің Сарайға келуі фикһ мектебінің жаңғыруына жағдай жасады. Олардың қатарында Ибн әл-Баззаси сияқты атақты ханафит құқықтанушылары да болды (Почекаев 2019). Дәл осы уақытта шариғат нормаларын әкімшілік басқаруда қолдану дәстүрі орнықты (Почекаев 2020).

Сонымен қатар Тоқтамыш дәуірі әдеби мәдениеттің өркендеуімен ерекшеленеді. «Идигей» эпосының қалыптасуы сол кезеңнің саяси-рухани ахуалын бейнелейтін маңызды әдеби-тарихи мұра. Бұл шығарма билік, легитимдік, династиялық қақтығыстар және адалдық секілді құндылықтарды эпикалық формада жеткізеді (Самойлович 1972). Жалпы алғанда, Тоқтамыш хан билігі Алтын Ордадағы рухани, құқықтық және білім беру жүйелерінің қайта жанданған кезеңі ретінде сипатталады. Бұл дәуірдің интеллектуалдық мұрасы кейінгі түрк-ислам кеңістігінің мәдени дамуына терең ықпал етті.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу Алтын Ордадағы Тоқтамыш хан билігі кезеңіндегі білім беру, діни-интеллектуалдық және құқықтық өмірді сипаттайтын жазба, діни-құқықтық, әдеби және нарративтік дереккөздердің кешенді талдауына негізделді. Зерттеудің негізгі материалдарын төмендегі топтар құрайды: Ресми канцеляриялық құжаттар мен ярлықтар, соның ішінде Ш. Марджани келтірген Тоқтамыш пен Құтлұғ-Темір жарлықтарының мәтіндері. Бұл материалдар мемлекеттік дискурстың эволюциясын және әкімшілік тәжірибенің исламдану деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Ортағасырлық исламдық құқықтық және теологиялық трактаттар, әсіресе Алтын Ордаға Хорезм мен Мауараннахрдан келіп, фикһ ілімін дамытқан улемдердің еңбектері. Олардың қатарында Ибн әл-Баззасидің кең тараған ханафиттік жинағы «әл-Фатауа әл-Баззасия» бар. Сопылық әдебиет пен рухани еңбектер, атап айтқанда Махмұд әл-Бұлғаридің «Нахдж әл-Фарадис» шығармасы. Бұл дереккөздер Йасауийа мен Кубравийа тариқаттарының білім беру және рухани тәрбие жүйесіндегі рөлін ашуға көмектеседі.

Түркітілдес эпикалық және әдеби мұра, әсіресе «Едіге» жыры. Эпос Алтын Ордадағы саяси-идеологиялық түсініктерді, билік легитимациясы мен моральдық нормаларды бейнелейтін маңызды тарихи-әдеби дерек ретінде қарастырылды.

Қазіргі зерттеушілердің еңбектері И. М. Мирғалиев, Р. Ю. Почекаев, Л. З. Бородовская, Э. Г. Сайфетдинова және басқа авторлар. Бұл еңбектер тарихи процестерді историографиялық контекстте түсіндіруге мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық негізін бірнеше өзара толықтыратын ғылыми тәсілдер құрайды: Тарихи-салыстырмалы әдіс – Алтын Ордадағы білім беру құрылымын мұсылмандық Шығыс пен Еділ Бұлғарысы дәстүрлерімен салыстыра отырып талдауға қолданылды.

Деректанулық талдау -ресми құжаттар, құқықтық трактаттар, хроникалар және діни шығармалардың мазмұнын анықтауға бағытталды.

Дискурс-талдау -мемлекеттік құжаттардағы идеологиялық формулалардың өзгерісін, исламдық терминологияның орнығуын зерттеуге мүмкіндік берді.

Текстологиялық және филологиялық әдістер -«Едіге» эпосы және сопылық әдеби мұралардағы тарихи-рухани мазмұнды талдауда қолданылды.

Өркениеттік және мәдени-антропологиялық тәсіл-көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара ықпалын, Ордадағы рухани институттардың эволюциясын саралауға мүмкіндік берді.

Интеллектуалдық тарих әдісі – Тоқтамыш дәуіріндегі құқықтық, теологиялық және білім беру ой-санасының дамуын қайта құру үшін қолданылды.

Аталған әдістердің үйлесімді қолданылуы Алтын Ордадағы исламдық білім беру моделінің қалыптасуын, суфийлік тариқаттардың рөлін және білімнің саяси легитимация құралына айналу механизмдерін кешенді түрде талдауға мүмкіндік берді.

Әдеби шолу

Алтын Ордадағы білім беру, құқықтық мәдениет және діни-интеллектуалдық өмір мәселелері Орталық Азия мен Еуразия тарихын зерттеген бірқатар ғалымдардың еңбектерінде түрлі қырынан қарастырылған. Зерттеу тақырыбы бойынша историография бірнеше бағытқа бөлінеді: исламдану үдерісін зерттеу, суфийлік тариқаттардың ықпалын талдау, фикһ пен құқықтық дәстүрдің дамуын зерделеу, сондай-ақ әдеби және идеологиялық мұралар арқылы тарихи сананы қалпына келтіру.

Алтын Ордадағы исламдану және оның әлеуметтік-саяси негіздері И. М. Миргалиевтің еңбектерінде жан-жақты талданады. Ол ал-Хадж Абд ал-Ғаффар Қырымидің мәліметтеріне сүйене отырып, Берке ханнан бастап Ордада исламдық институттардың қалыптасуы мен улемдердің рөлін айқындайды. Миргалиев Ордадағы діни элитаның білім беру және саяси кеңесші ретіндегі қызметіне ерекше назар аударады.

Суфийлік дәстүрді зерттеу бағытында Э.Г. Сайфетдинованың жұмыстары маңызды орын алады. Ол Йасауийа мен Кубравийа тариқаттарының рухани-әдеби мұрасын талдап, олардың Алтын Ордадағы діни этика, моральдық тәрбиелеу және қоғамның рухани құрылымына әсерін ашады. Л.З. Бородовская XIV ғасырдың соңында сопылық ықпал мен фикһ ілімінің кеңеюін, сондай-ақ дін қайраткерлерінің қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласуын көрсетеді.

Алтын Ордадағы құқықтық ой мен фикһтың дамуы Р.Ю. Почекаев еңбектерінде терең зерттелген. Ол Ибн әл-Баззасидің Орда аумағына келуімен байланысты исламдық құқықтың жаңғыруын, шарият нормаларының әкімшілік басқару тәжірибесіне енуін және хан жарлықтарындағы исламдық құқықтық терминологияның орнығуын жан-жақты сипаттайды. Почекаев еңбектері Тоқтамыш дәуірінің құқықтық өзгерістерін реконструкциялауда негізгі дереккөздердің бірі болып табылады.

Сонымен бірге Т. Абылов пен Т. Жолдасулы XIV ғасырдағы Ясавийа мен Кубравийа тариқаттарының Орда аумағында білім таратушы институттар ретіндегі рөлін арнайы

зерттеп, олардың Хорезмнен Қырымға дейінгі кеңістікте рухани-ағартушылық қызмет жүргізгенін көрсетеді.

Жалпы, қазіргі историография Алтын Ордадағы діни-рухани өмірді тек саяси тарих кон-тексінде ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық, құқықтық және мәдени кеңістік ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Әдебиеттерді талдау көрсеткендей, Тоқтамыш хан дәуірі исламдық білім беру институттарының қайта жандануымен, улемдер мен суфийлік орталықтардың рөлінің артуымен және құқықтық ойдың дамуымен ерекшеленеді. Осы зерттеулердің жиынтығы мақалада қарастырылатын мәселелерді кең контексте түсінуге негіз береді (Абылов, Жолдасұлы 2023: 301-312).

Зерттеу нәтижелері

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері Тоқтамыш хан дәуірін Алтын Ордадағы интеллектуалдық ортаның құрылымдық өзгерістерге ұшыраған күрделі тарихи кезеңі ретінде сипаттайды. Бұл дәуірде білім беру мекемелерінің, улемдер қауымының және суфийлік орталықтардың ықпалдасуы исламдық ой-сананың институционалдық деңгейде орнығуына ықпал етті. Сонымен қатар Ордадағы рухани және құқықтық өмірдің жаңғыруы аймақтың мәдени әртүрлілігін біріктіретін ортақ дүниетанымдық кеңістік қалыптастырды. Түркі, парсы және араб ғылыми-әдеби дәстүрлерінің тоғысуы Золотая Ордада көпқабатты интеллектуалдық орта құруға мүмкіндік беріп, оны Еуразиядағы аса ірі мәдени ықпал орталықтарының біріне айналдырды. Осылайша, Тоқтамыш дәуірін тек саяси тұрақтану кезеңі ретінде ғана емес, Орда қоғамының дүниетанымдық трансформациясының, ғылыми байланыстардың жандануын және исламдық өркениеттік бағыттың орнығуын айқындаған тарихи белес ретінде қарастыру орынды.

Талқылау

Тоқтамыш хан билігі кезеңін Алтын Орда тарихындағы діни, құқықтық және интеллектуалдық өмірдің жаңғыруымен сипатталатын ерекше кезең ретінде бағалауға мүмкіндік береді. Бұл дәуірдің негізгі ерекшелігі «Ұлы дүрбелеңнен» кейінгі саяси тұтастықтың қалпына келтіріліп, мемлекеттік құрылымдардың қайта жандануы білім беру, ғылым және рухани мәдениеттің дамуымен тікелей байланысты болды.

Біріншіден, медреселердің, ханака мен завиялардың қайта ашылуы исламдық білім беру жүйесінің орнығып, тұрақты жұмыс істеуіне жағдай жасады. Вакфтық экономикалық негіздің сақталуы білім беру мекемелерінің қызметін қамтамасыз етіп, Ордада исламдық педагогикалық дәстүрдің таралуына ықпал етті.

Екіншіден, фикһ ілімінің қарқынды дамуы және улемдердің Сарайда шоғырлануы Алтын Ордада исламдық құқықтың институционалдық деңгейде нығаюына әкелді. Шарифат нормаларының әкімшілік құжаттар мен хандық риторикада көрініс табуы Орда мемлекетінің құқықтық жүйесінің исламдық сипат алғанын дәлелдеді.

Үшіншіден, Йасавийа мен Кубравийа тариқаттарының рухани-ағартушылық қызметі қоғамдағы моральдық-этикалық нормалардың қалыптасуына, исламдық құндылықтардың түркі-монғол ортасына бейімделуіне және рухани бірліктің нығаюына ықпал етті. Суфилердің мемлекеттік құрылымға кірігуі исламдану үдерісінің табиғи әрі эволюциялық сипат алғанын көрсетті.

Төртіншіден, «Едіге» эпосының және басқа да әдеби мұралардың талдануы Тоқтамыш дәуірінің идеологиялық және мәдени кодтарын ашуға мүмкіндік берді. Эпоста билік, адалдық, династиялық тартыс және рухани құндылықтар туралы түсініктер көрініс тауып, сол кезеңнің тарихи жадын жеткізер бірегей дереккөз ретінде қызмет атқарады. Әдеби және эпикалық мұралар арқылы идеологиялық жүйені зерттеу бағыты А. Н. Самойлович және кейінгі тюркологтардың еңбектерінде көрініс тапқан. «Едіге» жырының әртүрлі нұсқалары сараланып, оның Алтын Орда саяси идеологиясын, династиялық қақтығыстарды және билік легитимациясын бейнелейтін тарихи-мәдени дерек ретіндегі маңызы анықталады (Самойлович 1973).

Жалпы алғанда, Тоқтамыш хан билік еткен кезең Алтын Ордадағы исламдық білім беру жүйесінің нығаюымен, құқықтық ойдың дамуы және рухани орталықтардың белсенділігімен ерекшеленеді. Бұл тарихи процестер кейінгі Қырым, Қасым және Қазақ хандықтарының мәдени-рухани болмысын қалыптастыруда шешуші рөл атқарды. Зерттеу нәтижелері Алтын Орданың діни-интеллектуалдық мұрасын Орталық Еуразия өркениеттері тарихындағы маңызды феномен ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Тоқтамыш хан тұсында мемлекеттің бірлігі қалпына келгеннен кейін Сарайға Орта Азия мен Хорасаннан ғалымдар мен құқықтанушылар қайта келе бастады. Солардың арасында атақты «әл-Фатауа әл-Баззасийя» еңбегінің авторы Ибн әл-Баззаси де болды. Ол Әмір Темірді «дінсіз» деп жариялап, осы себепті Хорезмнен кетуге мәжбүр болған еді. Оның Алтын Ордадағы қызметі мұндағы мұсылмандық құқық ғылымының соңғы ірі өркендеу кезеңін бейнелейді. Әмір Едігей қайтыс болғаннан кейін, оның билігі тұсында белгілі бір деңгейде сақталған Ұлық Ұлыстың бірлігі шайқалып, жаңа алауыздықтар басталып, құқықтық және ғылыми орта құлдырай түсті (Бородовская 2017:85).

Ислам юриспруденциясының гүлденуімен қатар Алтын Ордада бай жазба мәдениет қалыптасты. Зерттеушілердің еңбектерінде поэттар мен ойшылдардың шығармалары сол дәуірдің рухани-адамгершілік түсініктерін бейнелейтіні, түркі, парсы және араб әдеби дәстүрлерінің элементтерін ұштастырған өзіндік әдеби мектептің қалыптасқаны айтылады. Бүгінгі күнге бұл мұраның тек бір бөлігі ғана жеткен – хан жарлықтары, діни-құқықтық трактаттар, сөздіктер, эпифаниялар, поэзиялық мәтіндер. Ерте кезеңнің маңызды ескерткіштерінің бірі 1303 жылы Сарайда жасалған көптілді сөздік «Кодекс Куманикус». Ол Алтын Ордадағы мәдениеттердің кең ауқымда тоғысуын көрсететін бірегей дерек болып табылады.

XIV ғасырда Алтын Орда әдебиеті өзінің кемелдік кезеңіне жетті. Бұл дәуірде діни-дидактикалық шығармалардан бастап көркем поэмаларға дейін әртүрлі жанрлар жасалды. Авторлар фольклорлық элементтерді, мифологияны, Құран сюжеттерін және заманауи шындықты еркін үйлестіре білді. Атақты шығармалардың қатарына Рабғузидің «Қиссас әл-анбиясы» (Миннегулов 2011), Махмуд бин Ғали әл-Бұлғары ас-Сарайи әл-Кердеридің «Нахдж әл-Фарадис» (Миннегулов 2011), Кутбтың «Хосров және Шырын» поэмасы, Саиф Сараидің «Гүлстан бит-түрки» еңбегі және «Сухейл мен Гүлдүрсүн» поэмасы жатады. Соңғы шығармасында Саиф Сарайи махаббат хикаясын терең философиялық және көркемдік шеберлікпен бейнелейді. Оның «қыз Сухейлді көргенде, күнді айналып тұрған Жер секілді айналып кетті» деген бейті поэтикалық метафора ғана емес, Коперник пен Бруноға дейінгі кезеңде гелиоцентризм туралы ғылыми түсініктердің болғанын да айғақтайды (Миннегулов 2011: 306).

Алтын Ордадағы діни-дидактикалық әдебиет те өте бай әрі алуан түрлі болды. Бұл саладағы маңызды туындылардың қатарына авторы нақты белгісіз суфийлік трактат «Муин әл-мурид» және Хусам Кәтіптің «Жумжума» поэмасы (кейде «Жумжума сұлтан» деп те аталады) жатады. Бұл шығарманың басты кейіпкері Иса пайғамбар, ал сюжеттің өзі өнегелік мағынаға толы. Дәл осы кезеңде жазылған «Кесікбас кітабының» сюжеті де «Жумжумаға» жақын. Сонымен қатар «Сирадж әл-Кулуб» туындысы діни-дидактикалық прозаның көрнекті үлгісі болып есептеледі.

Сырдария өңірінде жазылған Хорезмидің «Мұхаббат-наме» шығармасы ерекше орын алады. Түркітанушы А. Наджип мәтіндегі «Сүйінсін пенде Харазми Рауани» деген жолға сүйеніп, автордың «Раббани» деген әдеби бүркеншік есім қолданған болуы мүмкін деген тұжырым жасайды. Мұндай мәтіндер эстетикалық және рухани бастаулардың синтезін көрсетеді, онда білім, ақыл және жоғары адамгершілік «кемел адам» (камил инсан) дәрежесіне жетудің жолы ретінде түсіндіріледі.

Ұлық Ұлыс ақындары мен прозашылары өмірдің мәні, ізгілік, әділет, адам мен Құдайдың, билеуші мен бұқараның қарым-қатынасы, махаббат пен парыз туралы толғанған. «Өзгелерге игілік жеткізу», «артыңда жақсы ат қалдыру» сол дәуір авторларының басты ұстанымдарының бірі болды.

Алтын Орда әдеби дәстүрі тек мемлекет аумағында ғана емес, оның шегінен тыс жерлерде, ең алдымен Мамлюк Мысырында дамыды. XIII ғасырдың ортасынан XVI ғасырдың басына дейін Дешті-Қыпшақтан шыққан мамлюктер билеген Мысырда Алтын Ордамен саяси, мәдени және ғылыми байланыстар берік болды. Улус Жучиден шыққан көптеген ғалымдар мен жазушылар Махмуд Сараи Гүлістани, Саиф Сараи, Берке Факих және басқалар Мысырға қоныс аударып, сол жерде де шығармашылық қызметін жалғастырды. Бұл құбылыс түркі-ислам әлемінің ортақ интеллектуалдық кеңістігін нығайтуға маңызды үлес қосты (Миннегулов 2011: 306–307).

Қорытынды

Тоқтамыш ханның билік ету кезеңі Алтын Ордада исламдық құқықтық және білім беру жүйесінің қалыптасуындағы маңызды тарихи белес болды. Бұл уақыт көп жылдарға созылған саяси алауыздықтардан кейін мемлекеттің саяси бірлігін қалпына келтіріп қана қоймай, дала билік дәстүрлері мен исламдық ғалымдықтың өзара ықпалдастығына негізделген мәдени және рухани дамудың жаңа моделіне өту кезеңін айқындады.

Медреселер мен кадиаттардың қайта жандануы, Хорезм мен Мауараннахрдан улемдердің ағылуы, сондай-ақ фикһтың мемлекеттік басқарудың негізіне айналуы білімнің саяси легитимация құралына айналғанын көрсетеді. Әкімшілік тәжірибенің исламдануы ярлықтарда діни формулалардың қолданылуы, құқықтық трактаттардың таралуы қоғамдағы интеллектуалдық исламдану процесінің тереңдегенін дәлелдейді.

Бұл кезеңде Йасавийа мен Кубравийа тариқаттары тек діни емес, ағартушылық миссия атқарды. Олардың завиялары мен ханакасы моральдық тәрбиенің қалыптасуына және рухани білім сабақтастығының сақталуына ықпал етті. Суфизм көшпелі және отырықшы мәдениеттер арасында маңызды дәнекерге айналып, дала халқының исламдық өркениетке біртіндеп енуін қамтамасыз етті. Тоқтамыш тұсындағы исламдық Шығыс аймақтарымен ғылыми байланыстардың нығаюы Алтын Орданың ислам әлемінің

интеллектуалдық кеңістігінде берік орын алуына жол ашты. Бұл құбылыс орда элитасының исламдық білім мен құқықтың трансөңірлік желісіне жоғары деңгейде интеграцияланғанын көрсетеді.

Осылайша, Тоқтамыш дәуірі Алтын Орданың рухани және интеллектуалдық өрлеу кезеңі ретінде сипатталады. Саяси тұрақтылықтың орнауы исламдық құқықтың, білім беру институттарының және суфийлік дәстүрдің дамуының алғышартын жасады. Алтын Ордада қалыптасқан білім беру жүйесі мұсылмандық бірегейлікті, мәдени сабақтастықты және түркі өркениетінің тұрақтылығын посторда кезеңінде сақтап қалуға мүмкіндік берді. Бұл үрдістер Қасым, Қазақ және Қырым хандықтарында көрініс тапқан ұзақ мерзімді золотоордындық ғылыми дәстүрдің негізін қалады және исламдық Еуразияның мәдени-діни бірегейлігін сақтауға ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Абылов Т., Жолдасулы Т. Роль тарикатов Йасавийя и Кубравийя в исламизации Золотой Орды. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi*. 2023. No.105, с.301–312.
- Бородовская Л.-З. Расширение сферы влияния суфизма в период Золотой Орды. *Исламоведение*. 2017. Т.8. No.3, с.82-94.
- Миннегулов Х.Ю. Ещё раз о литературе Золотой Орды. В: *История татар с древнейших времён*. Том 3: Золотая Орда и её наследие. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ. 2011. С.304-308.
- Миргалеев И. М. Сведения ал-Хадж Абд ал-Гаффара Кырыми об исламизации в Золотой Орде. В: *Ислам и власть в Золотой Орде*. Сборник статей. Под ред. И.М. Миргалеева, Э.Г. Сайфетдиновой. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ/ 2012. С.6-17.
- Почекаев Р.Ю. К истории юридической науки в Золотой Орде. *Золотоордынское обозрение*. 2020. Т.8. no.4, с.737–752. 10.22378/2313-6197.2020-8-4.737-752
- Почекаев Р. Шихаб ад-Дин Марджани о праве Золотой Орды. *Тюркологические исследования*. 2019. Т.2. no.4, с.54-62.
- Самойлович А.Н. Вариант сказания о Едигее и Тохтамыше, записанный Н. Хакимовым. В: *Тюркологический сборник 1972*. Москва: Наука. 1973. С.186-211.
- Сайфетдинова Э. Г. Суфийские традиции в духовной культуре Золотой Орды. *Золотоордынское обозрение*. 2014. No.1(3), с.75-78.

References

- Abylov T., Zholdasuly T. Rol' tarikatorv Yasaviyya i Kubraviya v islamizatsii Zolotoi Ordy. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Velî Araştırma Dergisi*. 2023, no.105, pp.301–312. (in Russian)
- Borodovskaya L.Z. Rasshiren timer sfery vliyaniya sufizma v period Zolotoi Ordy. *Islamic Studies*, 2017, vol.8, no.3, pp.82-94. (in Russian)
- Minnegulov Kh. Yu. Eshche raz o literature Zolotoi Ordy. In: *Istoriya tatar s drevneishikh vremyon*. In: *History of the Tatars from Ancient Times. Vol.3: The Golden Horde and its Legacy*. Kazan: Sh. Marjani Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan. 2011. Pp.304-308. (in Russian)

- Mirgaleev I. M. Svedeniya al-Hajj Abd al-Ghaffara Kyrimi ob islamizatsii v Zolotoi Orde. In: *History of the Tatars from Ancient Times. Vol. 3: The Golden Horde and its Legacy*. Kazan: Sh. Marjani Institute of History, Academy of Sciences of the Republic of Tatarstan. 2012. Pp. 6-17. (in Russian)
- Pochekaev R. Yu. K istorii yuridicheskoi nauki v Zolotoi Orde. *Golden Horde Review*. 2020. Vol.8, no.4, pp.737-752. 10.22378/2313-6197.2020-8-4.737-752. (in Russian)
- Pochekaev R. Shikhab ad-Din Marjani o prave Zolotoi Ordy. *Turkological Studies*. 2019. Vol. 2, no.4, pp.54-62. (in Russian)
- Samoilovich A. Variant skazaniya o Edigee i Tokhtamysh, zapisannyi N. Khakimovym. In: *Turkological Collection 1972*. Moscow: Nauka. 1973. Pp.186-211. (in Russian)
- Saifetdinova E. Sufiiskie traditsii v dukhovnoi kulture Zolotoi Ordy. *Golden Horde Review*. 2014. No.1(3), pp. 75-78. (in Russian)

Information about authors

Dinara Kaisarovna Suleimenova – Ph.D., doctoral student at L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 Satpayev Street, 010010, Astana, Kazakhstan. <https://orcid.org/0009-0004-6344-1222>, Suleimenova911@gmail.com

Авторлар туралы мәліметтер

Динара Қайсарқызы Сулейменова – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ph.D докторанты Сәтбаев көшесі, 2, 010010, Астана, Қазақстан. <https://orcid.org/0009-0004-6344-1222>, Suleimenova911@gmail.com

Сведения об авторах

Динара Кайсаровна Сулейменова – Ph.D., докторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, ул. Сатпаева, 2, 010010, Астана, Казахстан. <https://orcid.org/0009-0004-6344-1222>, Suleimenova911@gmail.com

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / **Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу.** Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / **Раскрытие информации о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. /

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 01.04.2025

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 02.05.2025.

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 30.05.2025